



**Конституциялық құқық. Әкімшілік құқық / Constitutional law.
Administrative law / Конституционное право. Административное право**

ХҒТАР 10.15.23

<https://www.doi.org/10.32523/2616-6844-2025-150-1-11-26>

Ғылыми мақала

Қазақстан Республикасы Конституциясында әлеуметтік мемлекет орнықтырудың нормалары және олардың жүзеге асыру жолдары

К.А. Айтеке¹, А.С. Кошкинбаева*², Б.Т. Тлеулесова³

¹Alikhan Bokeikhan University

²Туран Университеті

³Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

(e-mail: ¹kamshat.aiteke@gmail.com, ²ankin2008@bk.ru, ³tleulesova1983@mail.ru)

Аңдатпа: Зерттеу Қазақстан Республикасының Конституциясы мен әлеуметтік саланы реттейтін заңнама ережелерін, әлеуметтік мемлекеттің модельдерін, мәселенің өзектілігін растайтын әлеуметтік мемлекетті түсінудің бірнеше тәсілдеріне талдау негізінде жүргізді. Мақаланың басты мақсаты Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет орнықтырудың ерекшеліктерін, құқықтық мәнін теориялық тұрғыдан зерттеп, ұлттық заңнама мен тәжірибені жетілдіру бойынша ұсыныстар келтіру болып табылады. Мақалада конституциялық құқыққа ғылыми көзқарастардың заманауи дамуы көрсетілген. Бұл сондай-ақ әлеуметтік ұлттық заңнамалардың конституциялық құқық арасындағы өзара іс-қимыл нәтижесінде ұлттық қоғамдар ішінде де, одан тыс жерлерде де конституциялық қалыптасудың жаңа модельдерінің пайда болуымен байланыстылығын ашып көрсетеді. Белгілі бір елдің Конституциясындағы әлеуметтік мемлекет қағидатының көрінісі осындай мемлекеттің мақсаттары мен міндеттерін анықтауда ғана емес, оған тиісті өкілеттіктер мен құзыреттер беруде де көрінеді. Мақаланың негізгі бөлігінде әлеуметтік мемлекет ұғымы, ерекшеліктері мен құқықтық мәні әмбебап және салыстырмалы құқықтық талдаудың ғылыми әдістерін қолдану арқылы қарастырады, заң әдебиеттеріндегі теориялық тұжырымдарға талдау жасайды. Мақаланың қортындысында авторлар әлеуметтік мемлекеттің өзіне тән негізгі белгілер мен ерекшеліктерді анықтап, өздерінің әлеуметтік мемлекет орнықтырудың құқықтық мәнін және оны жүзеге асыру туралы ұсыныстарын береді.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының Конституциясы, әлеуметтік мемлекет, әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік мемлекеттілік, проактивті формат, конституционализм, әлеуметтік саясат, отбасының цифрлық картасы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) әлеуметтік мемлекет ретінде айқындалатын Конституцияның құқықтық нормаларына сүйене отырып, мүмкіншілігіне қарай дамып келеді. Әлеуметтік мемлекет ретінде толық қалыптасты деп айтуға әлі ерте. Құқықтық теорияда әлеуметтік мемлекеттің мәнін түсіндірудің әртүрлі тәсілдері бар. Жалпы алғанда, мұндай мемлекет өз азаматтарының қолайлы өмір сүруіне жағдай жасап, жеке тұлғаның еркін дамуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға міндеттенеді. Сонымен қатар, әділдік принциптерін жүзеге асыру, әр азаматтың әл-ауқатын қамтамасыз ету және оны қорғау мемлекеттің басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік мемлекет ұғымына тоқталатын болсақ, ол қазіргі заманғы дамушы мемлекеттің ерекше моделі ретінде қарастырылады. Бұл модель қоғамның әлеуметтік, экономикалық және өзге де салаларын реттеуге, әлеуметтік әділеттілік пен ынтымақтастық қағидаттарын нығайтуға бағытталған мемлекеттік белсенді саясат арқылы азаматтардың жоғары деңгейде әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуді көздейді. Әлеуметтік мемлекет өз қызметінде әлеуметтік дамудың негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді басты мақсат ретінде айқындай отырып, мемлекеттік институттар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы мен эволюциясын бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Біріншіден, ол ғылыми тұжырымдама ретінде пайда болып, теориялық негіздері мен негізгі идеялары жетілдірілді. Екіншіден, дамушы мемлекеттердің конституциялық жүйесінде әлеуметтік мемлекеттің қағидаттары заңнамалық түрде бекітілді. Үшіншіден, бұл тұжырымдама нақты тәжірибеде іске асырылып, мемлекеттік институттардың қоғам мен әлеуметтік топтардың өзекті мәселелерін шешудегі рөлі арқылы көрініс тапты.

Алайда, биліктің қоғамның әлеуметтік саласына қатысты белгілі бір деңгейдегі жауапкершілігін айқындайтын бұл көзқарас оның шекараларының қаншалықты кеңейетінін нақты анықтамайды. Осыған байланысты, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету мен кедейлік жағдайларын еңсеруге бағытталған шаралардың ара-жігін белгілеу қажеттілігі туындауы мүмкін.

Әдебиеттерде көрсетілгендей, әлеуметтік мемлекеттің эволюциясы оның әрбір азаматтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кешенді саясат ретінде қалыптасуымен сипатталады. Бұл тұжырымдама бастапқыда халықтың белгілі бір топтарына ең төменгі әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуден басталып, уақыт өте келе әр адамның өмір сүру деңгейін көтеруге және оның жеке мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін қолайлы жағдайларды қалыптастыруға ұмтылатын жүйеге айналады. Яғни, әлеуметтік мемлекет тек қана жасы, денсаулық жағдайы немесе өзге де себептерге байланысты қиындықтарға тап болған азаматтарға атаулы көмек көрсетумен шектелмей, сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның әлеуетін дамытуға бағытталған саясатты іске асыру арқылы ғана өз мақсатына жете алады.

ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағына сәйкес «біздің мемлекет өзін демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік» деп бекітеді [1]. Әлеуметтік

мемлекет қағидаты оның нормативтік мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, тікелей Конституцияда белгіленген ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен оларды қамтамасыз ету кепілдіктерін қамтитын жалпы конституциялық-құқықтық идея ретінде тұжырымдалған.

Сонымен қатар, Қазақстан өз дамуын әлемдегі ең озық 30 елдің қатарына кіру мақсатына бағыттап, бұл міндетті жүзеге асыру үшін әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың басым бағыттарын айқындайтын стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламаларды 2050 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы негізінде қабылдады.

Дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізудің бірден-бір кепілі жаңғырту, демек жаһандық бәсекеге қабілеттілік шарттарына сай болуы тиіс.

Қазақстанда әлеуметтік саясаты құруға негіз болатын жаңа Әлеуметтік кодекс қабылданды, 2023 жылғы 1 шілдеден күшіне енді.

Қазақстан «цифрлы» экономиканы дамыту және мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына жету үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру аясын кеңейтуді қалыптастырды. Отбасының цифрлық картасы – мемлекеттік әлеуметтік саясаттың ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын жүзеге асырудың тиімді механизмі ретінде айқындалған құрал болып табылады. Ол отбасылардың дербес дерекқорын қалыптастыра отырып, қажетті әлеуметтік көмекті анықтауға ықпал етеді және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі заң ғылымында әлеуметтік мемлекет мәнін түсінудегі қиындықтар кейбір анықтамалар мен ұғымдардың ескі тұжырымдар мен идеяларға негізделуі, кейде қайталануы салдарынан туындап отыр. Оларда Конституциялық қағиданың қазіргі жағдайы мен даму үрдістері, сондай-ақ Қазақстанның әлемдік жаһандану процесі ескерілмеген.

Әдіснама

Ғылыми зерттеу барысында теориялық нақты зерттеу мәселері бойынша ғылыми дереккөздерді, заң әдебиеттерін және нормативтік құқықтық актілерді кешенді зерттеу үшін қолданылды, осы зерттеудің проблемалық мәселесін анықтауға мүмкіндік беретін формальды-логикалық әдістерді пайдаланбаған жағдайда елеулі ғылыми түсініктер ала алмайды. Зерттеудің толықтығы үшін шетелдік арнайы заң әдебиеттерін және шетелдік нормативтік құқықтық актілерге аналитикалық талдау, салыстырмалы әдістерді қолданды. Ғылыми зерттеу мақсаты-Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мемлекет ұғымын беру, әлеуметтік мемлекеттің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін көрсету, Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген әлеуметтік мемлекет орнықтырудың нормаларын жан- жақты талдау.

Нәтижелер мен талқылау

Әлемнің барлық дамыған мемлекеттері қазіргі кезеңде белгілі бір деңгейде әлеуметтік сипатқа ие. Мұндай мемлекеттің тиімді қызмет етуі әлеуметтік-экономикалық бағыттың ұтымды жүргізілуіне байланысты. Әлеуметтік мемлекеттің мәні экономикалық саясаттағы мемлекеттік реттеудің түрлі тетіктерін қолдануда, ұлттық табыстың нақты өсіміне қол жеткізуде және азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсартуға бағытталған жеке бастамаларын қолдауда көрініс табады.

Әлеуметтік процесте ҚР Конституциясында көзделген азаматтарымыздың әлеуметтік құқықтарын іске асыруға бағытталған мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының негізгі қызметтері мен іс-шараларының жиынтығы болып табылатын әлеуметтік саясат үлкен рөл атқарады. Осы бағыттардың әрқайсысы заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық актілер негізінде белгіленген мемлекеттік әлеуметтік стандарттар мен нормативтер жүйесіне негізделуге тиіс. Ол әлеуметтік қатынастардың көптеген мәселелерін қамтиды.

Әлеуметтік мемлекеттің тиімділігі мен функционалдығы нормативтік құқықтық жүйеге негізделген, сондықтан қазіргі жағдайда тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де қоғамның әлеуметтік негізін құрайтын халықтың әлеуметтік топтары арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеуге ерекше мән беріледі.

Қоғамның даму мақсаттары мен оның әлеуметтік институттарының қызметіне қатысты негізгі саяси күштер арасында келісімге қол жеткізу саяси жүйенің тұрақтылығы үшін маңызды шарт болып табылады. Бұл жағдайда демократиялық басқару жағдайында билеуші партиялар, үкімет құрылымдары мен жоғары мемлекеттік лауазымды тұлғалар мемлекеттің әлеуметтік саясатының үздіксіздігін сақтауға ықпал ете алады.

Сонымен қатар, мемлекет әлеуметтік саладағы басты фактор болып қала отырып, әлеуметтік саясат мәселелерінде үйлестіруші қызметін атқарады, өзінің бірқатар өкілеттіктерін азаматтық қоғам институттарына береді. Тиісінше, әлеуметтік мемлекет мемлекеттің, орта таптың және азаматтық қоғам институттарының үлесі артып келе жатқан бизнес-қоғамдастықтың әлеуметтік әріптестігі мен әлеуметтік жауапкершілігін нығайтуды қамтамасыз етуге арналған.

Әлеуметтік мемлекеттің құқықтық саясаты мәселесін қарастырудың өзектілігі қазіргі кезде құқықтық сана және қоғам өміріндегі құқықтың рөлі артып келеді, бұл қоғамның өмірін ұйымдастыру мен реттеудегі мемлекеттің рөліне әсер ете алмайды.

Әлеуметтік мемлекет ең алдымен, елдің демократиялық дамуымен, сондай-ақ осы мемлекетте белгіленген құқықтық нормалардың сақталуымен тығыз байланысты ең жоғары құндылық ретінде адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын танумен сипатталады.

Әлеуметтік мемлекет өзін демократиялық мемлекет деп атайды, оның құқықтық саясаты халықтың лайықты өмірінің қажетті шарты ретінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нақты жүзеге асыруға бағытталған халықтың жоғары өмір сүру деңгейіне жетудің құралы.

Әлеуметтік мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі мәні тиісінше, жеке адамдардың әл-ауқатының жақсаруына қол жеткізуге мүмкіндік беретін қатынастарға қатысушылардың барлық құқықтарының теңдігі және әділдігін қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ету және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Адам денсаулығын нығайту арқылы адами капиталды дамыту білімді экономикаға жылдам әрі тиімді жағдай жасауға бағытталуы тиіс.

Бұл күндері Мемлекет өзгеретін жағдайларға тиімді бейімделе алатын және қолайсыз оқиғалар мен тенденцияларға тез жауап бере алатын жағдайда ғана әлеуметтік міндеттерді орындай алады.

Әлеуметтік мемлекеттің құқықтық саясатының тиімділігіне оның барлық органдарының қызметі бағыттарының бірлігі жағдайында ғана қол жеткізуге болады.

Әлеуметтік мемлекеттің әлеуметтік саласын дамытудың түпкі мақсаты әлеуметтік әділеттілік қағидатын бекіту, ол осы тұрғыда, біріншіден, әрбір адам үшін оның қабілеттері мен біліктілігіне сәйкес еңбекке, оның сапасы мен санына қарай еңбекке ақы төлеуге, өзін-өзі қамтамасыз ету және өзінің әл-ауқатын арттыру мүмкіндігіне кепілдіктерді білдіретін болады; екіншіден, тәрбие, білім беру және әлеуметтік қолдау жүйесі арқылы қоғамның барлық мүшелеріне бірдей бастапқы мүмкіндіктер жасау, азаматтардың әлеуметтік тең құқығына көшу; үшіншіден, мемлекеттік және қоғамдық институттар өз бетінше жұмыс істеуге және өмір сүру деңгейін сақтауға мүмкіндігі жоқ әлсіз топтар мен жекелеген азаматтар үшін қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету.

Е.В. Аристовтың өз зерттеуінде сот практикасын талдай отырып, оның әлеуметтік мемлекеттің проблематикасына әсері туралы мынадай қорытынды жасады: әлеуметтік құқықтар мен бостандықтардың белгілі бір түрін Конституциялық деңгейге дейін көтеру және Конституцияда оның кепілдігі туралы хабарлау, сондай-ақ нақты Мемлекеттік органдардың көмегімен іске асыру мүмкіндігін жүзеге асыру [2].

Е.Е. Тачевтың пікірінше саясаттың ашықтығын бір жағынан, саяси бостандыққа шектеулерді алып тастау және демократиясын бекіту Халықаралық құқықтың заманауи талаптары мен стандарттарына және ең жақсы Конституциялық модельдерге сәйкес келеді. Екінші жағынан, экономикалық дағдарыс пен нарықтық экономикаға көшу қиындықтарына байланысты бұрынғы коммунистік елдердегі мемлекеттің әлеуметтік функциялары Батыс демократиялары әлдеқайда озық сатысында тұр. Мемлекет экономикалық салаға қарқынды түрде араласуы керек, дегенмен азаматтық қоғамды тұтынудан және ескі режимдегі экономиканы тікелей басқарудан мүлдем өзгеше болуы тиіс [3].

Ғ.Сапарғалиевтың пікірінше, Конституция прогрессивті, демократиялық ол мемлекеттік органдардың барлық жүйесінің ақылға сай, саналы және батыл әрекетінің нәтижесінде әлеуметтік мемлекет құруды жүзеге асыруға болатын саяси құқықтық талпынысын білдіреді [4].

Демократияға көшудің бұрын-соңды болмаған сипатына байланысты дамып келе жатқан демократиядағы конституционализм мемлекеттің классикалық принциптері мен функцияларынан бірқатар күтпеген ауытқуларды көрсетеді.

Көріп отырғаныңыздай, ҚР әлеуметтік саясаты Батыс Еуропа елдеріне тән әлеуметтік саясаттың негізгі қағидаты ретінде, әлеуметтік саясаттың атаулылығымен және патернализмімен салыстырғанда тиімдірек құбылыс ретінде әмбебаптылыққа барған сайын еніп келеді.

«Әлеуметтік саясаттың әмбебаптығы оның адамның өзін өзі дамытуға жан жақты тең құқықтарды қамтамасыз етуге бағытталғанын білдіреді: әлеуметтік қызмет бүкіл халыққа біркелкі бөлінеді, кез-келген адам күтпеген жағдайда мемлекеттік қолдауға сене алады соның ішінде әлеуметтік саясат міндеттерін толыққанды шешуге және салықтарды адал төлеу үшін өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді» [5].

Т.И. Ау пайымдауынша, әлеуметтік мемлекеттің негізгі мазмұны – қоғамдағы әртүрлі топтар арасындағы және олардың ішіндегі қарама-қайшы мүдделерді үйлестіре отырып, барлық азаматтардың әл-ауқатын және өмір сүру деңгейін жақсартуға жағдай жасауға бағытталған. Әлеуметтік мемлекет ұғымын, ең алдымен, оның әлеуметтік қызметімен байланыстырып, оны мемлекеттің, бизнес құрылымдарының және азаматтық қоғамның әлеуметтік серіктестігі мен жауапкершілігі негізінде өз азаматтарының әлеуметтік қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін құрылым ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар Т.И. Ау зерттеуінде «Әлеуметтік мемлекет» және «әлеуметтік мемлекеттілік» ұғымдары бірдей емес объектінің сапалық жағдайымен байланысты және объект ретінде танылады. Сондай-ақ, әлеуметтік мемлекеттілікті мемлекет те, қоғам да, азаматтар да әлеуметтік тұрақтылық пен әл-ауқатты сақтау мақсатында әлеуметтік серіктестік жағдайында өзара әрекеттесетін ұйымдастырушылық-құқықтық механизм ретінде ұсынуға болады» авторлық ұғымдар берді [6].

Әлеуметтік-еңбек қатынастары қазіргі қоғамдағы еңбек қызметін ұйымдастыру мен реттеудің сан алуан формаларын қамти отырып, мемлекеттің әлеуметтік-саяси және экономикалық жүйесінің құрамдас элементі ретінде ғана емес, сонымен қатар оның құрылымдық ерекшеліктерін және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды фактор ретінде де көрініс табады.

М.Х. Хасеновтың ұстанымына сәйкес, әлеуметтік даму жеке адамдардың өзара әрекеттесуінің мазмұнын, формалары мен әдістерін үнемі жетілдіруді, сондай-ақ олардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін қалыптастыруды қамтиды [7].

Қазақстан үшін қоғам мен мемлекеттің өзара әрекеттесуінің серіктестік түрін қалыптастыру үшін азаматтардың өзін-өзі ұйымдастырудың жаңа жолдарын іздеу ерекше маңызды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік әріптестік бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік серіктестік – бұл шетелдік әлеуметтік-экономикалық жүйелердің ұзақ мерзімді эволюциялық дамуының нәтижесі, институционалды тұрақты қоғамның өнімі. Оның эволюциясы қазіргі азаматтық қоғамды институционализациялаумен, қоғамдық келісімге қол жеткізудің экономикалық, саяси, әлеуметтік құралдарын жасаумен тығыз байланысты болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігі қазіргі конституционализмнің жалпыға бірдей танылған іргелі қағидаттарының бірі болып табылады.

Мемлекет саясатының «әлеуметтік өлшемі» қазіргі заманғы қоғамдық пікірталастардың, сараптамалық талдаудың, стратегияларын жобалаудың және ақпараттық кеңестікке қол жеткізу мүмкіндіктеріне негізделеді.

Ғылыми зерттеулерде, соның ішінде ресейлік және шетелдік құқықтық ой тарихында «конституционализм моделі» ұғымы, әдетте, үш негізгі өлшемде қарастырылады: ұлттық деңгейде, аймақтық деңгейде (мұнда құқықтық жүйелердің конституциялық құқықтың эволюциясына ықпалы ескеріледі) және институционалдық деңгейде, мұнда конституционализм моделі қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттейтін күрделі институционалдық құрылым ретінде сипатталады.

А.Н. Писаревдың ойынша, Әлеуметтік мемлекет институтының айрықша маңыздылығы қоғамдық даму ресурстарын оңтайландыру және әр адамның қолайлы өмір сүру жағдайларына құқығын қорғау жөніндегі прагматикалық міндеттермен, сондай-ақ «әділеттілік», «теңдік», «ынтымақтастық» аксиологиялық әмбебаптарымен, социал-демократиялық, социал-консервативті және социал-либералды бағыттағы әртүрлі идеологиялармен, жалпыадамзаттық гуманитарлық құндылықтармен анықталады [8].

Бірақ бұл жүйелік функцияларды жүзеге асыру қазіргі әл-ауқаты конъюнктурасы әлеуметтік мемлекетті конституциялық құқықтың негізгі институттарының біріне айналдырады.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі әлеуметтік мемлекеттіліктің дамуы аясында еңбек қатынастары саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін құру ерекше маңызға ие. Бұл жүйе қызметкерлер, жұмыс берушілер (олардың өкілдері) мен мемлекет арасындағы өзара байланыстарды құқықтық тұрғыдан реттеуге және олардың қалыптасу шарттарын анықтауға бағытталған. Әлеуметтік әріптестік қатынастарына қатысушылардың мүдделерін үйлестіру мен тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз етудің негізгі тетіктері дәл осы жүйе арқылы жүзеге асады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлі құндылықтар қайта қаралып, қоғамдық қатынастар үнемі жаңарып отырады. Осыған байланысты қоғам өмірі мемлекеттік механизмдердің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа қағидаттар негізінде құрылуы қажет. Елдің әлеуметтік, экономикалық, саяси және қоғамдық салаларындағы түбегейлі өзгерістер мемлекеттік органдардың қызметінің құрылымына, мазмұнына және сипатына айтарлықтай ықпал етіп, оларды қайта қарау қажеттілігін туындатты.

Мысалы, қазіргі ақпараттық және технологиялық прогрестің қарқынды даму жағдайында Қазақстан экономикасын технологиялық тұрғыдан жаңғыртудың басты бағыттарының бірі – әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру болып табылады. Бұл үдерістің негізгі мақсаты – әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, азаматтардың әлеуметтік көмек пен қолдауға қол жеткізу мүмкіндіктерін барынша ашық әрі қолжетімді ету, сондай-ақ үлкен деректерге негізделген зияткерлік талдау мен болжамдау жүйесін дамыту арқылы басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерістерін жетілдіру.

Қорытындылай келе, қазіргі кезеңде біздің мемлекетіміздің алдында қоғамды әртүрлі әлеуметтік патологиялардан әлеуметтік саяси қорғау тетігінің ажырамас элементі болатын мемлекеттік басқару жүйесін құрудың маңызды міндеті тұрғанын атап өткен жөн.

Әлеуметтік мемлекет құру кезіндегі Қазақстанның негізгі мақсаты барынша ықтимал әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу, кедейлікпен күрес және қоғамның аз қамтылған топтарын нақты қолдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруге, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, оның ішінде демографиялық өсім артып, білімге сұраныс артты, білім беру капиталын қалыптастыру үшін «Ұлттық қор-балаларға» жобасын жүзеге асыру, еңбек нарығына платформалық жұмыспен қамту мәселелеріне назар аударды [9].

Айта кету керек, 2022 жылы ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мемлекеттік биліктің барлық деңгейлеріндегі органдар мен лауазымды тұлғалар бұл барлық ұлттық жобалар мен даму жоспарларын іске асырудың конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету, азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін неғұрлым нақты құқықтық реттеу қажеттілігіне байланысты болды.

Зерттелетін проблематиканың өзектілігі мемлекеттің әлеуметтік функциясының жария – құқықтық мәнін түсінуде және әлеуметтік мемлекеттің прагматикаларынан көшуде болған елеулі өзгерістерге де байланысты демократияның ұжымдық тұжырымдамасына сәйкес жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларды, зейнетақыларды, субсидияларды төлеу арқылы материалдық ресурстарды тең бөлу, соған сәйкес мемлекет жұмыс істейтін азаматтар үшін әлеуметтік саладағы өз әлеуетін, саяси бостандықтарын іске асыру, лайықты өмір сүру жағдайларын жасау және т.б. үшін тиісті жағдайларды, мүмкіндіктерді, ынталандыруларды қамтамасыз етуді көздейді.

Конституцияда талданатын нормалар заңнамада мемлекеттің қосымша әлеуметтік міндеттемелерін бекітуді көздемейді, сондықтан оларды қамтамасыз етудің құқықтық механизмі өзгеріссіз қала береді.

ҚР Конституцияның 28-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі делінген [1].

Қазіргі таңда елімізде Конституциялық міндеттемелерін орындай отырып, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің жаңашылдықтардың бірі мемлекеттік әлеуметтік саясаттың жаңа үлгісін енгізу арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету кезінде цифрлық құрал кеңейтілді, проактивті форматқа өту әлеуметтік-экономикалық құқықтарды жүзеге асырудың қосымша кепілдіктерін қамтамасыз етуге негізделді.

Жаңа Әлеуметтік Кодекс келесі мақсаттарға бағытталған:

- азаматтардың әл-ауқатын арттыру;
- әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу;
- балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдау;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
- табысы кедейлік шегінен төмен мүгедектігі бар адамдарды атаулы әлеуметтік қорғау;

– отбасының сандық картасы және т.б.

Мысал ретінде, бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді беру мерзімі бұрынғы бір жылдан ұлғайып, бір жарым жылды құрады. Бұл төлемдер жұмыс істемейтін аналар үшін республикалық бюджет есебінен, ал еңбек қызметін жүзеге асыратын аналар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2023 жылдан бастап келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, кепілдендірілген әлеуметтік пакетті монетизациялау туралы шешім қабылданды. Монетизация атаулы әлеуметтік көмек алатын әрбір балаға ай сайын 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша ақшалай төлем түрінде жүзеге асырылады [10].

Сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік қолдау жүйесінде отбасының сандық картасы маңызды рөл атқарады және оның тиімділігі бірнеше аспектілермен ерекшеленеді. Біріншіден, ол азаматтардың мемлекеттік көмекке тең дәрежеде қолжетімділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттің нақты кімге, қашан және қандай қолдау қажет екенін айқындауына, сондай-ақ әлеуметтік әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу шараларын әзірлеуіне мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл сандық карта отбасы мүшелеріне олардың әлеуметтік мәртебесі мен әл-ауқат деңгейіне сәйкес қандай мемлекеттік жәрдемақы мен жеңілдіктерге құқығы бар екенін хабарлайтын электрондық ақпараттық құрал қызметін атқарады. Үшіншіден, мемлекеттік қолдау проактивті форматта ұсынылып, әлеуметтік төлемдер мен көмектер ақпараттық жүйеде тіркелген деректер негізінде автоматты түрде тағайындалады.

ҚР Конституцияның 24-бабының 2-тармағының нормасы әркімнің жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға конституциялық құқығын айқындап берді.

2024 жылғы қаңтардың соңындағы деректерге сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту органдарында ресми түрде 264,5 мың азамат жұмыссыз ретінде есепке алынған. Бұл көрсеткіш елдегі жұмыс күшінің жалпы санының 2,8%-ын құрайды. Сонымен қатар, жұмыспен қамтылмаған, бірақ белсенді түрде жұмыс іздемеген немесе еңбек қызметіне кірісуге дайын болмаған адамдар саны 28,1 мыңға жеткен [11]. Осыған байланысты ұлттық біліктілік жүйесін қайта жүктеу және жұмыс берушілер және жұмыскерлер үшін де дағдыларды үздіксіз арттыру үшін ынталандыру жүйесін құру көзделеді. «Кәсіптілік біліктілік» ұғымына «кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі» түсінік беріледі. Ол біліктілік алған және еңбек немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысқысы келетін өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар және жалдамалы жұмысшылар қозғалыс еркіндігін толыққанды іске асыруды қамтамасыз етеді [12].

Жаңа қабылданған Әлеуметтік Кодекс халықты жұмыспен қамту орталықтарын трансформациялауға көзделген мынадай түрде жүзеге асырылатын болады:

– жұмыс істеп тұрған жұмыспен қамту орталықтарының қызметтері электрондық еңбек биржасы порталы арқылы цифрлық форматта көрсетілетін болады;

– жұмыспен қамту орталықтары 207 мансаптық орталыққа айналады, олар қалалар мен аудандарда фронт-офистер рөлін атқарады және жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге қызмет көрсету сапасына назар аударады.

Мансап орталықтарының негізгі міндеттері: жұмыссыздарды тіркеу, оларға жұмыс іздеуде және мансапты жобалауда көмек көрсету, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұсыну, халықты өңірлік еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету.

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің трансформациясы аясында стационарлық жағдайда тәулік бойы тұрақты немесе уақытша негізде арнайы әлеуметтік қызметтерді мемлекеттік және жеке меншік ұйымдардан төмендегі санаттағы азаматтар алады:

1) психоневрологиялық ауытқулары бар, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар;

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар;

3) психоневрологиялық аурулары бар, он сегіз жастан асқан мүмкіндігі шектеулі азаматтар;

4) бірінші және екінші топтағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар;

5) егде жасына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсету қабілетінен айырылған адамдар [13].

Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж азаматтарға арнайы тауарлар мен қызметтерді, сондай-ақ қызмет көрсету ұйымдары мен әлеуметтік қызметкерлерді еркін таңдау құқығы берілмек. Осыған байланысты, 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін әлеуметтік қызметкерлердің тізілімі әзірленіп, онда олардың біліктілігі, көрсететін қызмет түрлері мен сапасы, сондай-ақ жұмыс нәтижелері туралы мәліметтер қамтылатын болады. Бұл тізілім қызмет алушыларға бәсекелестік ортада өз қажеттіліктеріне сай әлеуметтік қызметкерлерді таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді [14].

Әлеуметтік жұмыс қоғамдағы өзге әлеуметтік институттармен – отбасы, сот жүйесі, денсаулық сақтау, білім беру және еңбек саласымен өзара тығыз байланыста болып, олардың қызметімен бірлесе отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік өмірге толыққанды араласуы үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруға ықпал етеді. Оның айрықша ерекшелігі – адамға өз ішкі әлеуетін анықтауға, оны тиімді пайдалануға, жеке мәселелерін шешуге және қоғамның толыққанды мүшесі ретінде өзін сезінуге жәрдемдесуімен қатар, мемлекеттік, ерікті қоғамдық ұйымдардың және ұжымдық көмектің мүмкіндіктерін тиімді қолдануға жағдай жасауында.

Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу проблемаларын зерттеу жалпы әлеуметтік функцияны жүзеге асырудың және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі жүктемесін орындайтын субъектілердің қызметі ұйымдастырушылық негізі (ұйымдастырушылық құрамдас бөлігі) біздің ойымызша, негізгі буын болып табылады және әлеуметтік қызметті жүзеге асыруға қатысатын мемлекет органдарының жиынтығы болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы тек мемлекет пен оның органдарының ғана емес, сонымен бірге қоғамның нақты тұлға негізделуінде. Алайда әлеуметтік саланы мемлекет идеясына қарсы қоймаймыз. Қоғамның өзін-өзі реттейтін жүйе ретіндегі мүмкіндіктері өте үлкен, бірақ шексіз емес екенін есте ұстаған жөн. Мемлекеттің қатысуынсыз, оның функцияларынсыз көптеген әлеуметтік қайшылықтар шешілмей қалады.

Мемлекет әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру, сондай-ақ жеке тұлғаның әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарын бекіту және қорғау үдерісінде негізгі рөл атқаратыны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік органдардың әлеуметтік мемлекеттің қағидаттарын жүзеге асырудағы қызметі, олардың құзыреті мен мемлекеттік басқару жүйесіндегі орны мәселелері ерекше маңызға ие болып отыр.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі қорытындыларды жасауға болады:

Әл-ауқат мемлекетінің принципі көп деңгейлі конституционализм мен конституциялық плюрализм контекстінде жаһандану және еуропалық интеграция жағдайында Конституциялық демократияның басқа негізгі принциптеріне сәйкес әрқашан талдануы тиіс. «Әлеуметтік мемлекет» ұғымы, ең алдымен, халықтың әлсіз топтарын – зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларды және басқа да әлеуметтік осал санаттарды қорғау қажеттілігін білдіреді. Дегенмен, азаматтарды әлеуметтік қолдау шаралары елдің экономикалық дамуы жоғары деңгейде болған жағдайда ғана тиімді жүзеге асырыла алады. Осы тұрғыдан алғанда, халықтың көзқарасы мен құндылықтарын өзгертпейінше, әлеуметтік мемлекетті қалыптастыру мүмкін емес. Сонымен қатар, мемлекеттік реформаларды іске асыру жүйелі түрде, кезең-кезеңімен және келісілген басқару тетіктері арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Айта кету керек, әлеуметтік мемлекеттің мәні тек мемлекеттік органдардың азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауына негізделмеуі тиіс. Бұл мәселе әлдеқайда кең ауқымды қамтиды, себебі әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуде жауапкершілік тек мемлекетке ғана емес, сонымен қатар әрбір азаматқа да жүктеледі.

Әрине, мемлекеттің азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауы әлеуметтік мемлекет құру жолындағы басты факторлардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары осы мәселелер мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында ерекше назарға алынып, зерттеу нәтижелерінде олардың талдамалық бағасы берілген.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы мемлекеті әлеуметтік деп аталатынын атап өткім келеді, өйткені ол өзінің әлеуметтік саясатында халықты әлеуметтік қорғау үшін ұлттық байлықты қайта бөлу тетіктерін жүзеге асырады, бұл саясатқа қатысты ел дамуының осы кезеңінде кең қоғамдық өзара түсінік қалыптасқан.

Қазақстанда әлеуметтік мемлекет идеясы Конституциялық принципке негізделеді, бірақ әлеуметтік мемлекет бар екенің көрсетпейді оны құруға деген ұмтылысты көрсетеді.

Біздің ойымызша, әсіресе егер біз мемлекеттің әлеуметтік саясатын, оның ішінде заңнамалық реттеу арқылы әзірлеу туралы айтатын болсақ, сондай-ақ осындай маңызды тақырыптағы ғылыми қоғамдастық өкілдерінің пікірін ескеру өте маңызды және әлеуметтік мемлекет келесі белгілері мен ерекшеліктерін сипаттау қажет сияқты:

– Әлеуметтік мемлекетті үш негізгі қырынан қарастыру қажет. Біріншіден, бұл ұғым тұжырымдамалық деңгейде идея ретінде қарастырылып, түрлі ғылыми теориялар аясында дамытылуы тиіс. Екіншіден, ол құқықтық тұрғыда Қазақстан

Республикасының Конституциясы мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген конституциялық қағидат ретінде сипатталады. Үшіншіден, әлеуметтік мемлекеттің мәні практикалық аспектіде көрініс тауып, мемлекеттік институттардың әлеуметтік саланың өзекті мәселелерін шешудегі нақты қызметі арқылы айқындалады;

– Әлеуметтік саясаттың негізінде әлеуметтік әділеттілік принципі жатыр. Әділдік қағидатын жүзеге асыру әлеуметтік мемлекеттің басты міндеті болып табылады. Мемлекетте жүргізіліп жатқан саясат азаматтарға ұлттық байлықты біркелкі бөлінбеуі салдарынан қақтығыстар туындамайтындай, халықтың белгілі бір әлеуметтік, этникалық топтарының құқықтық, әлеуметтік және мәдени оқшаулануы болмайтындай дәрежеде өтемақы қамтамасыз етуге арналған.

Әлеуметтік мемлекеттің тағы бір белгісі – әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарын тиімді іске асыру. Әлеуметтік нарықтық экономика бағытталған, бұл жұмыс істей алмайтындар (зейнеткерлер, жұмыссыздар және т.б.) үшін мемлекеттік қамтамасыз етумен ұштастыра отырып, еркін нарыққа негізделетін экономикалық жүйе. Бір жағынан кәсіпкерлік қызмет бостандығын және екінші жағынан әлеуметтік саясатты біріктіретін әлеуметтік-экономикалық модель нарық пен әлеуметтік мемлекет арасындағы адал бәсекелестік жүйесін белгілейді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Айтеке К.А. аннотация, кіріспе, әдістеме, қорытынды, нәтиже және талқылау бөлімдерін дайындады. **Кошкинбаева А.С.**, хат-хабар авторы, түйінді сөздер, нәтиже және талқылау бөлімдерін әзірледі. **Тлеулесова Б.Т.** әдебиеттер тізімін, транслитерацияны және авторлар туралы деректерді қамтамасыз етті.

Әдебиеттер тізімі

1 Adilet.zan.kz (1995). Қазақстан Республикасының Конституциясы. Сілтеме арқылы қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (өтініш берген күні: 29.02. 2024).

2 Аристов, Е.В. (2015). «Социальное государство в конституционном праве: к вопросу о дискуссии относительно понятия», Вестник Пермского университета, 3(29), стр. 8-14.

3 Танчев, Е.Е. (2014). «Социальное государство в современном конституционализме», Право и государство, 3(64), стр. 36-41.

4 Сапарғалиев, Ғ. (2013) Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы: Жеті Жарғы.

5 Мами, К.А. (2021) Конституционное право Республики Казахстан. Академический курс. Алматы.

6 Ау, Т.И. (2014) Проблемы социальной государственности в Республике Казахстан: в контексте сравнения с опытом Российской Федерации: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Москва.

7 Хасенов, М.Х. (2016) Правовой механизм социального партнерства в сфере труда: проблемы теории и практики: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора философии (PhD). Астана.

8 Писарев, А.Н. (2023) Актуальные проблемы конституционного права Российской Федерации: монография. Москва: Российский государственный университет правосудия.

9 Akorda.kz (2023) Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Сілтеме арқылы қолжетімді: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adi-letti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (өтініш берген күні: 29.02.2024).

10 Adilet.zan.kz (2023) Бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 169 бұйрығы. Сілтеме арқылы қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032571> (өтініш берген күні: 29.02.2024).

11 Stat.gov.kz (2024) Еңбек нарығындағы жағдай. Ұлттық статистика бюросы. Сілтеме арқылы қолжетімді: https://stat.gov.kz/news/e-bek-nary-ynda-y-zdddha-day/?sphrase_id=354862 (өтініш берген күні: 29.02.2024).

12 Adilet.zan.kz (2023) Кәсіптік біліктілік туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ. Сілтеме арқылы қолжетімді : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000014> (өтініш берген күні: 09.03.24).

13 Adilet.zan.kz (2023) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII. Сілтеме арқылы қолжетімді : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (өтініш берген күні: 09.03.24).

14 Adilet.zan.kz (2023) Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы. Сілтеме арқылы қолжетімді : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V230003294> (өтініш берген күні: 09.03.24).

К.А. Айтеке¹, А.С. Кошкинбаева^{*2}, Б.Т. Тлеулесова³

¹Alikhan Bokeikhan University

²Университет Туран

³Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова

(e-mail: ¹kamshat.aiteke@gmail.com, ²ankin2008@bk.ru, ³tleulesova1983@mail.ru)

Нормы установления социального государства в Конституции Республики Казахстан и пути их осуществления

Аннотация: Исследование проведено на основе анализа положений Конституции Республики Казахстан и законодательства, регулирующего социальную сферу, моделей социального государства, а также различных подходов к его пониманию, подтверждающих актуальность данной проблемы. Основная цель статьи заключается в теоретическом изучении особенностей

становления социального государства в Республике Казахстан, его правовой сущности, а также в выработке предложений по совершенствованию национального законодательства и практики его применения. В статье отражено современное развитие научных подходов в области конституционного права. Кроме того, раскрывается взаимосвязь между социальным национальным законодательством и конституционным правом, что находит выражение в появлении новых моделей конституционного становления как внутри национальных обществ, так и за их пределами. Закрепление принципа социального государства в Конституции конкретной страны проявляется не только в определении целей и задач такого государства, но и в наделении его соответствующими полномочиями и компетенциями. В основной части статьи рассматриваются понятие, особенности и правовая сущность социального государства с применением научных методов универсального и сравнительно-правового анализа, а также проводится исследование теоретических концепций, представленных в правовой литературе. В заключении авторы определяют ключевые признаки и особенности социального государства, а также предлагают свои рекомендации по правовым аспектам его становления и реализации.

Ключевые слова: Конституция Республики Казахстан, социальное государство, социальное партнерство, социальная государственность, проактивный формат, конституционализм, социальная политика, цифровая карта семьи.

К.А. Aiteke¹, A.S. Koshkinbayeva*², B.T. Tleulesova³

¹*Alikhan Bokeikhan University*

²*Turan University*

³*Regional University named after K. Zhubanov*

(e-mail: ¹kamshat.aiteke@gmail.com, ²ankin2008@bk.ru, ³tleulesova1983@mail.ru)

Norms of social state establishment and ways of their implementation in the Constitution of the Republic of Kazakhstan

Abstract: The study is based on an analysis of the provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan and legislation regulating the social sphere, models of the welfare state, as well as various approaches to its understanding, which confirm the relevance of this issue. The main objective of the article is to theoretically examine the features of the establishment of a welfare state in the Republic of Kazakhstan, its legal essence, and to develop proposals for improving national legislation and its practical implementation. The article reflects the modern development of scientific approaches in the field of constitutional law. Furthermore, it explores the interaction between social national legislation and constitutional law, which is manifested in the emergence of new models of constitutional development both within national societies and beyond. The principle of the welfare state enshrined in a country's Constitution is reflected not only in defining the goals and objectives of such a state but also in granting it the necessary powers and competencies. The main part of the article examines the concept, features, and legal essence of the welfare state using scientific methods of universal and comparative legal analysis, as well as analyzing theoretical concepts presented in legal literature. In conclusion, the authors identify the key characteristics and distinctive features of the welfare state and provide their recommendations on the legal aspects of its establishment and implementation.

Keywords: Constitution of the Republic of Kazakhstan, social state, social partnership, social statehood, proactive format, constitutionalism, social policy, digital map of the family.

References

- 1 Adilet.zan.kz (1995). Қазақстан Республикасының Конституциясы. Сілтеме арқылы қолжетімді : https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (otinish bergен kuni: 29.02.2024).
- 2 Aristov, E.V. (2015). «Social'noe gosudarstvo v konstitucionnom prave: k voprosu o diskussii otnositel'no ponjatija», Vestnik Permskogo universiteta, 3(29), str. 8-14.
- 3 Tanchev, E.E. (2014). «Social'noe gosudarstvo v sovremennom konstitucionalizme», Pravo i gosudarstvo, 3(64), str. 36-41.
- 4 Sapargaliev, G. (2013) Qazaqstan Respublikasynyn Konstitucijalyq quqygy. Almaty: Zheti Zhargy.
- 5 Mami, K.A. (2021) Konstitucionnoe pravo Respubliki Kazahstan. Akademicheskij kurs. Almaty.
- 6 Au, T.I. (2014) Problemy social'noj gosudarstvennosti v Respublike Kazahstan: v kontekste sravnenija s opytom Rossijskoj Federacii: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandida juridicheskix nauk. Moskva.
- 7 Hasenov, M.H. (2016) Pravovoj mehanizm social'nogo partnerstva v sfere truda: problemy teorii i praktiki: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora filosofii (PhD). Astana.
- 8 Pisarev, A.N. (2023) Aktual'nye problemy konstitucionnogo prava Rossijskoj Federacii: monografija. Moskva: Rossijskij gosudarstvennyj universitet pravosudija.
- 9 Akorda.kz (2023) Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti Qasym-Zhomart Toqaevtyн «Adiletti Qazaqstannyn jekonomikalyq bagdary» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy. Silteme arqyly qolzhetimdi :<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyн-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (otinish bergен kuni: 29.02.2024).
- 10 Adilet.zan.kz (2023) Bala tuganda beriletin zhardemaqyny bala kutimine baylanysty zhardemaqyny kopbalaly otbasylarga beriletin zhardemaqyny nagradtalğan anaga beriletin zhardemaqyny tagayyndau zhane toleudi zhuzege asyru qagidalaryн bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Enbek zhane halyqty aleumettik qorgau ministrinin 2023 zhylygy 24 mamyrdaygy 169 buyrygy. Silteme arqyly qolzhetimdi : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032571> (otinish bergен kuni: 29.02.2024).
- 11 Stat.gov.kz (2024) Enbek narigyndaghy zhaghдай Ultyq statistika byurosy. Silteme arqyly qolzhetimdi: https://stat.gov.kz/news/e-bek-nary-ynda-y-zdddha-day/?sphrase_id=354862 (otinish bergен kuni: 29.02.2024).
- 12 Adilet.zan.kz (2023) Kasiptik biliktilik turaly Qazaqstan Respublikasynyn Zangy 2023 zhylygy 4 shildedegi № 14-VIII QRZ. Silteme arqyly qolzhetimdi : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000014> (otinish bergен kuni: 09.03.2024).
- 13 Adilet.zan.kz (2023) Qazaqstan Respublikasynyn Aleumettik Kodeksi 2023 zhylygy 20 saurdegi № 224-VII. Silteme arqyly qolzhetimdi <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (otinish bergен kuni: 09.03.2024).
- 14 Adilet.zan.kz (2023) Xalyqty aleumettik qorgau salasinda arnau ly aleumettik qyzmetter korsetu standarttaryн bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Prem'er-Ministrinin orynbasary – Enbek zhane xalyqty aleumettik qorgau ministrinin 2023 zhylygy 29 mausymdaygy № 263 buyrygy. Silteme arqyly qolzhetimdi : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V230003294> (otinish bergен kuni: 09.03.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Айтеке К.А. – Қазақстандық құқықты дамытудың заманауи үрдістері білім беру бағдарламасының докторанты, Alikhan Bokeikhan University, Мәңгілік ел көшесі, 11, 071400, Семей, Қазақстан

Кошкинбаева А.С. – хат-хабар авторы, PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Туран Университеті, Сәтбаева көшесі, 16а, Қазақстан Республикасы, 50013, Алматы, Қазақстан

Тлеулесова Б.Т. – PhD докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (АӨУ), А.Молдағұлова даңғылы, 34, 030000, Ақтөбе, Қазақстан

Айтеке К.А. – докторант образовательной программы «Современные тенденции развития казахстанского права», Alikhan Bokeikhan University, ул. Мангилик ел, 11, 071400, Семей, Казахстан

Кошкинбаева А.С. – автор для корреспонденции, доктор PhD, ассоциированный профессор, Университет Туран, ул. Сатпаева, 16а, 50013, Алматы, Казахстан

Тлеулесова Б.Т. – доктор PhD, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова (АРУ), пр. А.Молдагуловой, 34, 030000, Актөбе, Казахстан

Aiteke K. – doctoral student of the educational program "Modern trends in the development of Kazakh law", Alikhan Bokeikhan University, 11 Mangilik el str., 071400, Semey, Kazakhstan

Koshkinbayeva A. – corresponding author, PhD, Associate Professor, Turan University, 16a Satpayev St., 50013, Almaty, Kazakhstan

Tleulessova B. – PhD, Regional University named after K. Zhubanov (ARU), 34 A.Moldagulova Ave., 030000, Aktobe, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).